

Келісемін:

«Күншуақ» б/б-ның МКҚК-ның
әдіскері Н.Б.Абишева
25 тамыз 2023о.ж.

Бекітемін:

«Күншуақ» б/б-ның МКҚК-ның
менгерушісі Р.К.Муканова
25 тамыз 2023о.ж.



25.08.2023ж.педагогикалық кеңестің
№1 хаттама шешіміне қабылданды

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке
дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2023-2024 оқу жылы жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің
перспективалық жоспары
«Балауса» кіші тобы**

Тәрбиешілер: Р.М.Алдабаева
Л.Е. Абулхайрова

0/0-ның М

Key

«Қушшақ» б/б-н
менгерушісі Р.Қ.
(2жас)

№	Күн тәртібінің міндеттері	Уақыты
1	Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	08.00-08.40
2	Таңертеңгі жаттығу	08.40-08.45
3	Гигиеналық және шынықтыру шаралары	08.45— 09.00
4	Таңғы ас, гигиеналық шаралары	09.00-09.30
5	Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	09.30-10.50
6	Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	
7	«Дәрумен терапиясы» Екінші таңғы ас	10.50-11.00
8	«Алақай серуен» Серуенге дайындық.	11.00-11.10
9	«Табиғатпен біргеміз» Серуен: бақылау, еңбек, қимылды ойын	11.10-11.50
10	Серуеннен оралу, гигиеналық шаралар, еркін ойын	11.50-12.05
11	«Ас-адамның арқауы!» Түскі ас.	12.05-12.30
12	Гигиеналық шаралары	12.30-12.45
13	«Тәтті ұйқыға батамыз!» Түскі ұйқы	12.45-15.15
14	«Ұйқымызды ашайық!» Ояну. Балаларды біртіндеп ояту. Гигиеналық шаралар, денсаулық жолмен жүру	15.15-15.40
15	Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	15.40-16.30
16	«Ас адамның арқауы!» Бесін ас, гигиеналық шаралар	16.30-16.50
17	Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	16.50-17.10
18	Серуенге дайындық	17.10-17.20
19	«Табиғатпен біргеміз» Серуен	17.20-18.00
20	«Қош сау болыңыз!» Балалардың үйге қайтуы Балалармен , ата-аналармен қарым-қатынас	18.00-18.30

Келісемін: _____
«Күншуақ» б/б-ның МКҚК-ның
әдіскері Н.Б.Аббешева

«Күншуақ» б/б-ның МКҚК-ның
меңгерушісі Р.К. Муканова



«Балауса» кіші тобының 2023-2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің кестесі

№	Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Аптадағы өткізу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктемесі
1	Дене шынықтыру	Аптасына үш рет	Сәрсенбі Бейсенбі Жұма
	Дене шынықтыру **	Күн сайын	
2	Сөйлеуді дамыту	Күн сайын	
3	Көркем әдебиет		
4	Сенсорика	Күн сайын	
5	Қоршаған ортамен таныстыру	Күн сайын	
6	Құрастыру	Күн сайын	
7	Сурет салу	Күн сайын	
8	Мүсіндеу	Күн сайын	
9	Жапсыру	Күн сайын	
10	Музыка	Аптасына бір рет	Сәрсенбі
	Музыка ***	Күн сайын	

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2023– 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс – әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Күншуақ» бөбекжай бақшасы

Топ: «Балауса» кіші тобы

Балалардың жасы: 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек айы 2023жыл

Ұйымдастырылған іс - әрекет	Ұйымдастырылған іс – әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	- Жалпы дамытушы жаттығуларды қолдану арқылы балалардың денсаулықтарын нығайту: ұлттық ойындар, саусақ ойындары, қимылды ойындар, жалпы шынықтыру процедуралары; - негізгі қимыл түрлерін жетілдіру: жүру, жүгіру, өрмелеу, лақтыру, секіру, тепе – теңдік сақтау; - салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін және құрдастарымен бірлескен әрекетке дайындықты қалыптастыру. - Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен қол ұстасып жүру, қарқынды өзгерте отырып жүру, бағытты өзгерте отырып жүру, жүруден жүгіруге ауысу, бағдар бойынша жүру (кілемнің бойымен, жіпке дейін), кедергілерден аттап жүру. Ұзындығы 2-2,5 м, ені 20-25 см тақтай бойымен жүру, жіптен немесе таяқтан аттап өту; - бірқалыпты жүгіру, шашырап, берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен шеңбер бойынша, аяқтың ұшымен, белгі бойынша тоқтап, бірінің соңынан бірі (20м дейін), шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен, бағытты өзгертіп, 30-40 сек. бойына үзіліссіз жүгіру, жүруден жүгіруге және керісінше жүгіруден жүруге ауысу. Мәдени - гигиеналық дағдылар - Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше, ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру; - Киініп - шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге, ілгектің әр түрлерін қолдана білуді жаттықтыру. - Киімдерді шкафқа немесе орындыққа ұйқыға жатар алдында ұқыпты жинау білігін бекіту. Жолдасының киіміндегі ұқыпсыздықты көруге және оған өз көмегін ұсынуды үйрету; - Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту; - Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды толтырып сөйлемей; - Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелді даярлау заттарымен таныстыруды жалғастыру; - Жуыну туралы қысқа өлеңдерді немесе тақпақтарды үйрету, оларды ересектермен немесе өз бетінше қайталау. Сауықтыру - шынықтыру шаралары

	- балаларды серуен кезінде ультракүлгін сәуленің әсерінен ауа, су шараларының үйлесімділігімен шынықтыру; - балаларды топта жеңіл киінуге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Дербес қимыл белсенділігі - ересектердің көрсетуі бойынша кейбір қимылдарды орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындай алуға үйрету. Спорттық жаттығулар: - велосипед тебу: үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсуге, ересектердің көмегімен және өз бетінше рөлді басқаруға үйрету.
Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды анық айтуды қалыптастыру Сөздік қорды қалыптастыру. ойыншық, киім, аяқкиім, ыдыс, жиһаз, көкөніспен жеміс, үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын, көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдерді қолдануын дамыту. Тілдің грамматикалық құрылымы Балаларды зат есімнің көпше түрін қолдануға үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және неғұрлым күрделі (Не әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету.
Көркем әдебиет	Ертегі, әңгіме кейіпкерлеріне, оқиғаларға жанашырлық білдіруді; кейіпкерлермен таппақтардың мазмұнын, ырғақты ойындарды қайталауды эмоционалды қабылдауды; Ересектердің таппақтарды, өлеңдерді, әңгімелерді оқуына, кітаптарды көрсетуіне, ертегілерді әңгімелеуіне тұрақты қызығушылық танытуды қалыптастыру
Сенсорика	заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауын жетілдіру; көлемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды үйрету;
Қоршаған ортамен таныстыру	Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Жануарларға тән ерекшеліктермен таныстыру, дене бөліктерін (танауы, құйрығы, аяқтары) ажыратып және атай білуге үйрету. Көкөністер мен жемістер туралы (қызанақ, қияр, алма) қарапайым түсініктерін қалыптастыру, бір-бірінің атын атап, қарым-қатынас жасай алуы, жолдастарының есімдерін есте сақтауын дамыту

Құрастыру	Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыру, кеңістік қатынастарды түсіну, құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды, табиғи материалдарды (құм, су, тас) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру. Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту, үстіне, жанына қою дағдыларын жетілдіру.
Сурет салу	Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту. Балалардың көркемдік қабылдауларын дамыту; сурет салу техникасын жетілдіру; түзу, көлденең, тік сызықтарды жүргізуді үйрету. Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды уағдамау, қаламды тарсылдатпау, жұмысты ұқыпты жасау.
Мүсіндеу	Сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру; сазбалшықты, ермексазды дұрыс қолдану біліктерін жетілдіру;
Жапсыру	Фланелеграфта бейнелеуді (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қоюға және құрастыруға үйрету. Фланелеграфта геометриялық фигураларды, машиналарды, үйлерді, доптарды, шарларды, гүлдерді, қазақтың ұлттық ою-өрнектерін орналастыруды үйрету.
Музыка	Музыка тыңдау: Музыка тыңдауға қызығушылықты және түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды; ән. полька, марш, вальс, баяу және көңілді әндер тыңдау ережесін сақтауда қалыптастыру; Ән айту: ән айтуға қызығушылықты, тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен жек буындарды айту, созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айту, аспаптардың шығаратын және ересектің ән айтуына келтіріп, әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен, дауысты жылдамдатпай, жеке сөздерді айқайламай айтуды қалыптастыру; Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Музыканың ашық берілген сипатына сай қимылдар жасау; қарапайым би қимылдары: шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату, жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелу;

